

Интеграциялық Комитеттің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1998 жылғы 5 маусымдағы N 3975

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясы Мемлекетаралық Кеңесінің "Интеграциялық Комитеттің орналасқан жерін өзгерту туралы" 1998 жылғы 28 сәуірдегі N 29 шешімін іске асыру мақсатында:

1. Былай деп белгіленсін:

1) медициналық, тұрғын үй, көлік, санаторий-курорттық қызмет көрсетілу деңгейі жөннен:

Интеграциялық Комитет төрағасының лауазымы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бірінші орынбасарының лауазымына теңестіріледі;

Интеграциялық Комитет аппараты қызметкерлерінің лауазымдары Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімшілігі қызметкерлерінің тиісті лауазымдарына теңестіріледі;

2) қызметтік куәліктер:

Интеграциялық Комитет төрағасына Қазақстан Республикасы Президентінің қолы қойылып;

Интеграциялық Комитет аппаратының басшы қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қолы қойылып беріледі.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы:

1) Интеграциялық Комитетті орналастыру үшін мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Республика алаңы 4, жалдау ақысын алмай үй-жай бөлетін болсын;

2) Интеграциялық Комитеттің жұмыс бабындағы автомобильдеріне қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін;

3) Интеграциялық Комитеттің Беларусь Республикасы, Қырғыз

Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасы азаматтарының ішінен жауапты қызметкерлері мен іссапарға келген адамдарды орналастыру үшін қызметтік пәтерлердің қажетті санын бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Интеграциялық Комитеттің басшы қызметкерлерін үкіметтік байланыс құралдарымен қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК